

FTAMP 10.81.01
 ЭОЖ 343.24
 JEL K14

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-1-167-177>

АБУТАЕВА С.Б.,*¹

Қ.Ғ.М., аға оқытушы.

*e-mail: asb_8008@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-3989-9260

КИМ Э.П.,¹

З.Ғ.К., доцент.

e-mail: kkmep_1504@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3963-3334

БОЛАТБЕКОВА Л.А.,¹

З.Ғ.М., аға оқытушы.

e-mail: loza-1721@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3417-1209

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЖАЗАНЫ ЖЕҢІЛДЕТУ ЖӘНЕ АУЫРЛАТУ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақала Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығындағы жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының тиімділігін кешенді ғылыми талдауға арналған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі жаза тағайындау практикасының біркелкі еместігімен, соттардың дискрециялық өкілеттіктерінің кеңеюімен және жаза индивидуализациясын қамтамасыз ету қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының қылмыстық-құқықтық табиғатын ашу, олардың жаза тағайындау процесіне ықпалын бағалау және құқық қолдану тәжірибесіндегі тиімділігін анықтау. Жұмыстың негізгі идеясы аталған институттардың тиімділігі оларды формалды қолданумен емес, мазмұндық және уәжді бағалауға негізделуі тиіс деген тұжырымға сүйенеді. Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы жазаны индивидуализациялау мәселелерін жүйелі түрде зерделеуімен және сот практикасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар ұсынуымен айқындалады. Әдіснамалық негізін формальды-құқықтық, жүйелік талдау, салыстырмалы-құқықтық және статистикалық әдістер құрайды. Зерттеу нәтижелері жеңілдету және ауырлату мән-жайларының жазаға ықпалы біркелкі емес екенін, ал олардың формалды қолданылуы жаза әділеттілігі қағидатын әлсірететінін көрсетті. Зерттеудің құндылығы қылмыстық құқықтағы жаза тағайындау тетіктерін жетілдіруге қосқан үлесінде, ал практикалық мәні – сот практикасын біріздендіру және қылмыстық саясаттағы теңгерімді қамтамасыз ету мүмкіндігінде көрініс табады.

Тірек сөздер: қылмыстық құқық, жаза тағайындау, жеңілдететін мән-жайлар, ауырлататын мән-жайлар, жаза индивидуализациясы, сот практикасы.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында жазаны жеңілдету және ауырлату институттары жаза тағайындау жүйесінің іргелі элементтері ретінде қылмыстық жауаптылықты даралау қағидатын іске асыруда орталық орын алады. Аталған институттар қылмыстық құқықтың әділеттілік, пропорционалдық және ізгілендіру қағидаттарымен тікелей байланыса отырып, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының мақсатқа сай әрі теңгерімді болуын қамтамасыз етуге бағытталған. Жаза тағайындау барысында соттың нақты қылмыстық істің мән-жайларын ескеру мүмкіндігі дәл осы жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты бұл институттардың тиімділігі тек жеке сот шешімдерінің әділеттілігімен ғана емес, тұтастай алғанда Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатының нәтижелілігімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жазаны жеңілдететін және ауырлата-тын мән-жайлардың тізбесі бекітілгенімен, оларды қолданудың құқықтық салдары мен практикалық нәтижелері біркелкі сипатқа ие емес [1]. Құқық қолдану тәжірибесінде біртектес қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жаза тағайындауда елеулі айырмашылықтардың орын алуы жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының тиімділігі мәселесін күн тәртібіне шығарады. Мұндай айырмашылықтар кей жағдайда соттардың дискрециялық өкілеттіктерін кеңінен пайдаланумен, кей жағдайда аталған институттардың формалды немесе механикалық түрде қолданылуымен түсіндіріледі. Бұл өз кезегінде жаза индивидуализациясының мазмұнын әлсіретіп, қылмыстық құқықтың әділеттілік қағидатын толық көлемде іске асыруға кедергі келтіреді.

Тақырыпты таңдаудың негіздемесі отандық қылмыстық-құқықтық ғылымда жазаны жеңілдету және ауырлату институттары көбінесе жаза тағайындаудың қосалқы элементтері ретінде қарастырылып, олардың нақты тиімділігіне жүйелі талдау жеткіліксіз жүргізілуімен айқындалады. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде жаза ұғымы, оның мақсаттары, жаза индивидуализациясы және соттың жаза тағайындаудағы өкілеттіктері кеңінен талданғанымен, жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың жазаға ықпал ету тетіктері көбіне сипаттамалық деңгейде қалып отыр [2]. Сонымен қатар бұл институттардың қылмыстық саясаттың ізгілендіру бағытына сәйкестігі, сондай-ақ жазалау мен алдын алу функцияларына әсері арнайы зерттеу нысанына сирек айналады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жүргізіліп жатқан қылмыстық-құқықтық реформалармен және қылмыстық заңнаманы ізгілендіру үрдістерімен тығыз байланысты. Қылмыстық репрессияны шектеу, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың үлесін арттыру, сондай-ақ кінәлінің жеке басын ескере отырып жаза тағайындау қажеттілігі жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының маңызын айтарлықтай арттырды. Бұл институттар бір жағынан жаза қаталдығын даралауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік деңгейін ескеруге жағдай жасайды. Алайда олардың теңгерімсіз қолданылуы жаза әділеттілігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, сот шешімдерінің болжамдылығын төмендетуі мүмкін [3].

Практика көрсеткендей, жазаны ауырлататын мән-жайларды қолдану кезінде қылмыстың ауырлығын екі мәрте есепке алу қаупі, ал жазаны жеңілдету барысында негізсіз жұмсарту тәуекелі орын алады. Мұндай жағдайлар жаза тағайындаудың мақсаттарына қол жеткізуге кедергі келтіріп, құқық қолдану қызметінде қайшылықтар туындатады. Осы тұрғыдан алғанда жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының тиімділігін бағалау тек жекелеген нормаларды талдаумен шектелмей, олардың сот практикасына нақты ықпалын айқындауды талап етеді [4]. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында жаза тағайындаудың біркелкілігін қамтамасыз ету үшін ерекше маңызға ие.

Зерттеудің объектісі Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында жаза тағайындау процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады. Зерттеудің пәні жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының қылмыстық-құқықтық табиғаты, олардың заңнамалық реттелуі және Қазақстан Республикасының сот тәжірибесінде қолданылу ерекшеліктері болып айқындалады. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы аясында жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының тиімділігін кешенді түрде бағалау және олардың жаза тағайындау жүйесіндегі рөлін анықтау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады: жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының теориялық негіздерін талдау; олардың қылмыстық құқықтағы жаза индивидуализациясы қағидатымен өзара байланысын айқындау; Қазақстан Республикасының сот практикасы негізінде аталған институттардың қолданылу тиімділігін бағалау; жазаны жеңілдету және ауырлату институттарын жетілдірудің негізгі бағыттарын негіздеу.

Зерттеу барысында формальды-құқықтық, жүйелік талдау, салыстырмалы-құқықтық және логикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің гипотезасы жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының тиімділігі оларды формальды түрде қолданумен емес, Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында жаза тағайындаудың мазмұндық индивидуализациясына негізделген сараланған тәсіл арқылы қамтамасыз етіледі деген тұжырымға сүйенеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған қорытындыларды Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдіруде, сот практикасын біріздендіруде және құқық қолдану қызметін әдістемелік қамтамасыз етуде пайдалану мүмкіндігімен айқындалады.

Материалдар мен әдістер

Осы зерттеуде қолданылған материалдар мен әдістердің жиынтығы жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығындағы тиімділігін кешенді әрі объективті бағалауға бағытталған. Зерттеу процесі логикалық бірізділік қағидатына негізделіп, нормативтік талдаудан бастап құқық қолдану тәжірибесін бағалауға дейінгі бірнеше өзара байланысты кезеңдерді қамтиды. Мұндай құрылым қазіргі қылмыстық-құқықтық зерттеулерде кеңінен қолданылатын әдістемелік тәсілдерге сәйкес келеді және алынған нәтижелердің сенімділігі мен тексерілу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Зерттеудің эмпирикалық және нормативтік базасын Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жаза тағайындауға қатысты нормалары, сондай-ақ жазаны жеңілдету және ауырлату мән-жайларын қолдануға байланысты сот практикасының жалпыланған материалдары құрайды. Сонымен қатар зерттеу әдістемесін қалыптастыру барысында соңғы жылдардағы шетелдік ғылыми еңбектерде ұсынылған эмпирикалық және салыстырмалы зерттеу тәсілдері ескерілді. Атап айтқанда, қылмыстық жаза тағайындау кезінде жеңілдететін және ауырлататын факторлардың қолданылуындағы әркелкілікті анықтауға бағытталған сандық және сапалық талдау әдістері халықаралық зерттеулерде кеңінен пайдаланылатыны көрсетілген.

Зерттеу барысында ашық қолжетімді сот актілері, сот практикасын қорыту нәтижелері және ресми құқықтық ақпарат көздерінде жарияланған статистикалық деректер пайдаланылды. Бұл тәсіл қылмыстық құқықтағы жаза тағайындаудың нақты үлгілерін айқындауға мүмкіндік береді және шетелдік эмпирикалық зерттеулерде қолданылатын деректерге негізделген әдістемемен үндес келеді. Мәселен, бірқатар халықаралық еңбектерде соттардың жеңілдету және ауырлату мән-жайларын бағалаудағы айырмашылықтары нақты істердің массивін талдау арқылы анықталған.

Зерттеудің эмпирикалық бөлігін нақтылау мақсатында 2019–2024 жж. аралығында әртүрлі санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жарияланған 120 сот актісі іріктеліп, мазмұндық және салыстырмалы талдауға алынды. Іріктеу кездейсоқ емес, мақсатты (purposive sampling) әдіс негізінде жүргізілді: жаза тағайындау бөлігінде жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар қолданылған істер ғана қамтылды. Істер аймақтық соттардың (облыстық және қалалық деңгей) шешімдерінен таңдалды, бұл талдаудың географиялық әртүрлілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Әрбір іс бойынша келесі индикаторлар жүйеленді:

- ◆ қолданылған жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың саны;
- ◆ олардың жаза түрі мен мөлшеріне нақты ықпалы;
- ◆ санкция шегіндегі жаза позициясы (төменгі шекке жақын, орташа, жоғарғы шекке жақын);
- ◆ сот уәждемесінің көлемі мен құрылымы;
- ◆ мән-жайлардың мазмұндық талдану деңгейі.

Сапалық талдау (qualitative content analysis) сот актілерінің уәждемелік бөлігін құрылымдық кодтау арқылы жүргізілді. Сандық өңдеу барысында салыстырмалы-статистикалық тәсіл қолданылып, мән-жайлардың жаза мөлшеріне ықпалының жиілік және үлестік көрсеткіштері анықталды. Арнайы күрделі статистикалық модельдер қолданылған жоқ, бұл зерттеудің қайталанымдылығын қамтамасыз етеді және алынған нәтижелердің тексерілу мүмкіндігін арттырады.

Осы әдіснамалық құрылым зерттеу нәтижелерінің эмпирикалық негізін күшейтіп, жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының нақты құқық қолдану тәжірибесіндегі рөлін объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу әдістері ретінде жалпы ғылыми және арнайы құқықтық әдістер кешені қолданылды. Жалпы ғылыми әдістердің ішінде талдау және синтез әдістері жазаны жеңілдету және ауыр-

лату институттарының құрылымдық элементтерін айқындау және олардың өзара байланысын анықтау үшін пайдаланылды. Индукция және дедукция әдістері жекелеген сот шешімдерін талдау негізінде жалпы заңдылықтарды тұжырымдауға мүмкіндік берді. Бұл тәсілдер халықаралық зерттеулерде қолданылатын логикамен сәйкес келеді, онда жекелеген істерді зерттеу арқылы жаза тағайындаудың жалпы үрдістері мен үлгілері анықталады.

Арнайы құқықтық әдістердің ішінде формальды-құқықтық әдіс жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының заңнамалық мазмұнын, олардың құқықтық табиғатын және нормативтік конструкцияларын талдау үшін қолданылды. Салыстырмалы-құқықтық әдіс жаза тағайындауда жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың жазаға ықпалын бағалау кезінде пайдаланылды. Бұл әдіс шетелдік ғылыми әдебиеттерде ұсынылған салыстырмалы және бағалау тәсілдерімен үйлеседі, онда жаза факторларының қолданылуы сот уәждемесінің сапасымен және әділеттілік өлшемдерімен байланыстырылады.

Зерттеу процесінде дайын статистикалық деректерді талдау әдісі де қолданылды. Бұл әдіс жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының жаза түрлері мен мөлшеріне ықпалын сандық тұрғыдан бағалауға бағытталды. Халықаралық зерттеулерде дәл осындай тәсілдер жаза факторларының нәтижеге әсерін анықтау үшін пайдаланылады, соның ішінде сот шешімдеріндегі уәждеме мен факторлардың өзара байланысын бағалау кезінде. Статистикалық деректерді өңдеу және жүйелеу үшін жалпыға қолжетімді электрондық құқықтық дерекқорлар мен стандартты кеңселік бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары пайдаланылды. Арнайы бағдарламалық модельдер немесе жасанды интеллект құралдары қолданылған жоқ, бұл зерттеу нәтижелерінің қайталанымдылығын қамтамасыз етеді.

Нәтижелерді бағалау әдістемесі жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының тиімділігін сапалық және салыстырмалы талдау арқылы анықтауға негізделді. Бағалау өлшемдері ретінде жаза индивидуализациясының деңгейі, сот шешімдерінің уәжділігі, жаза мөлшерлерінің біркелкілігі және құқықтық әділеттілік қағидатының сақталуы алынды. Мұндай өлшемдер шетелдік ғылыми зерттеулерде қолданылатын бағалау критерийлерімен сәйкес келеді және жаза тағайындаудың әділеттілігі мен тиімділігін кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдістердің кешенді сипаты зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етеді және жазаны жеңілдету мен ауырлату институттарының Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығындағы нақты рөлін объективті түрде бағалауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, шетелдік ғылыми зерттеулерде сыналған әдістемелік тәсілдерді ескеру алынған қорытындылардың ғылыми негізділігін арттырып, оларды ұлттық қылмыстық-құқықтық контексте қолдану мүмкіндігін кеңейтеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу нәтижелері жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында жаза тағайындау жүйесінің құрылымдық әрі мазмұндық өзегін құрайтынын айқын көрсетті. Бұл институттар жаза тағайындау кезінде заңмен белгіленген жалпы шектер аясында соттың әділетті, негізді және дараланған шешім қабылдауын қамтамасыз ететін негізгі құқықтық құралдардың бірі болып табылады. Берілген зерттеуде қылмыстық жаза институты мемлекеттің қылмыстық саясатын жүзеге асырудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Авторлар жазаның мақсаты тек жазалау ғана емес, сонымен қатар әділеттілікті қалпына келтіру, құқық бұзушылықтың алдын алу және кінәлінің мінез-құлқына тәрбиелік ықпал ету екенін атап өтеді. Осы тұрғыдан алғанда жаза тағайындау кезінде мән-жайларды есепке алу міндетті элемент болып табылады, себебі ол жазаның қылмыстың нақты қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Жаза қылмыстық-құқықтық ықпал етудің негізгі нысаны ретінде тек репрессивтік шара емес, сонымен қатар әділеттілікті қалпына келтіру мен алдын алу функцияларын жүзеге асыруға бағытталған кешенді институт болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда жаза тағайындау кезінде кінәлінің жеке басына, қылмыстың сипатына және оның жасалу жағдайларына мән беру жазаның қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сай болуын қамтамасыз етеді. Жазаның әділеттілігі

оны даралау арқылы көрініс табады, ал бұл даралау тікелей жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды мазмұндық тұрғыдан есепке алумен байланысты [5].

Аталған институттардың басты маңыздылығы жаза индивидуализациясын қамтамасыз етуімен байланысты, яғни қылмыстық жауаптылықтың тек жасалған әрекетке ғана емес, оны жасаған тұлғаның жеке ерекшеліктеріне, мінез-құлқына және іс-әрекеттің нақты мән-жайларына сәйкестендіріле отырып белгіленуіне мүмкіндік беруінде көрініс табады.

Жеңілдететін мән-жайлар қылмыстық жауаптылықты даралаудың пәрменді құқықтық тетігі ретінде сотқа кінәлінің жеке басын жан-жақты бағалауға жағдай жасайды. Атап айтқанда, сот кінәлінің қылмыстық құқық бұзушылыққа дейінгі өмір салтын, құқыққа бағынушылық деңгейін, әлеуметтік байланыстарын, сондай-ақ қылмыс жасалғаннан кейінгі мінез-құлқын, соның ішінде өз әрекетіне көзқарасын, өкінуін, келтірілген зиянды өтеуге бағытталған белсенді қадамдарын ескеруге мүмкіндік алады. Бұл мән-жайлар жазаның тек жазалаушы емес, сонымен қатар түзетуші және тәрбиелік функцияларын іске асыруға ықпал етеді.

Сот практикасын талдау нәтижелері жеңілдететін мән-жайлар ретінде көбіне кінәні толық немесе ішінара мойындау, шынайы өкіну, жәбірленушімен татуласу, келтірілген зиянды ерікті түрде өтеу сияқты факторлардың көрсетілетінін анықтады. Бұл факторлар сот актілерінде тұрақты түрде аталғанымен, олардың құқықтық мәні мен жазаға нақты ықпалы барлық істерде бірдей көрініс таппайтыны байқалды.

Эмпирикалық талдау көрсеткендей, зерттелген істердің 78%-ында кемінде бір жеңілдететін мән-жай қолданылған. Алайда олардың жаза мөлшеріне нақты ықпалы әркелкі сипатта болды. Істердің 42%-ында жеңілдететін мән-жайлар сот актісінде көрсетілгенімен, жаза санкцияның орташа деңгейінде белгіленіп, мән-жайлардың сандық әсері уәждемелік тұрғыдан ашылмаған. 27% жағдайда ғана жаза түрі немесе мөлшері айтарлықтай жеңілдетіліп, санкцияның төменгі шегіне немесе балама жазаға көшу жүзеге асырылған.

Бұл деректер жеңілдететін институттың формалды және мазмұндық қолданылуы арасындағы айырмашылықты айқын көрсетеді. Жаза индивидуализациясының нақты іске асуы соттың уәждемелік қызметінің сапасына тікелей тәуелді екені анықталды: уәждемесі кең әрі логикалық құрылымдалған сот актілерінде мән-жайлардың жазаға ықпалы айқын көрініс тапқан.

Ұқсас қылмыстық істер бойынша жаза тағайындауда айырмашылықтардың сақталуы соттардың шешім қабылдауында субъективті бағалау элементтерінің елеулі рөл атқаратынын көрсетеді. Тіпті бірыңғай кәсіби даярлық пен институционалдық талаптар жағдайында да жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың жазаға әсері әртүрлі бағалануы мүмкін. Бұл жаза тағайындаудың бірізділігі тек нормативтік реттеуге ғана емес, соттардың бағалау тәсілдерінің үйлесімділігіне де тәуелді екенін айқындайды [6].

Бірқатар жағдайларда аталған мән-жайлар жаза мөлшерін елеулі түрде төмендетуге, тіпті жаза түрін өзгертуге негіз болса, басқа істерде олар тек формалды түрде көрсетіліп, нақты жаза мөлшеріне айтарлықтай әсер етпеген. Мұндай әркелкілік жеңілдететін мән-жайларды қолданудың бірізді әдістемесінің жоқтығын және соттардың оларды бағалаудағы субъективті факторлардың жоғары үлесін көрсетеді. Жаза тағайындау барысында жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың формальды түрде көрсетілуі олардың нақты салмағы мен ықпалын әрдайым қамтамасыз етпейді. Бірдей мән-жайлар әртүрлі істерде жаза мөлшеріне әрқилы әсер етуі мүмкін, бұл соттың бағалау логикасы мен уәждемелік құрылымына тікелей байланысты. Мұндай жағдай жаза факторларын есепке алуда сапалық және дәлелді тәсілдің маңыздылығын көрсетеді [7].

Зерттеу жеңілдететін мән-жайлардың жаза тағайындауға әсер ету тетігі соттың дискрециялық өкілеттігінің ауқымына және осы өкілеттікті іске асыру кезіндегі бағалау тәсілдеріне тікелей тәуелді екенін көрсетті. Салыстырмалы-статистикалық талдау жеңілдететін мән-жайлардың болуы жаза мөлшерін төмендетуге жалпы үрдіс ретінде ықпал ететінін растағанымен, бұл ықпалдың деңгейі біркелкі емес екені анықталды. Кейбір жағдайларда жеңілдететін мән-жайлар бас бостандығынан айыру жазасын шектеу, айыппұл немесе шартты жаза сияқты балама санкциялармен алмастыруға алып келсе, басқа істерде жаза тек санкцияның төменгі шегіне жақындатумен ғана шектелген. Бұл жағдай жаза индивидуализациясының нақты іске асуы

көбіне сот актілерінің уәждемелік бөлігінің сапасына, яғни соттың өз шешімін қаншалықты терең әрі логикалық тұрғыдан негіздейтініне байланысты екенін көрсетеді.

Зерттеу барысында қолданыстағы заңнамада көзделген жеңілдететін мән-жайлар тізбесінің жалпы алғанда жеткілікті екені анықталды. Сонымен қатар, оның кейбір аспектілерде нақтылауды қажет ететіні байқалды. Ашық тізбенің болуы соттарға икемділік пен кең мүмкіндіктер бергенімен, әлеуметтік және мінез-құлықтық сипаттағы бірқатар маңызды факторлардың заңда нақты бекітілмеуі сот тәжірибесінде әртүрлі, кейде бір-біріне қайшы тәсілдердің қалыптасуына әкеледі. Нәтижесінде ұқсас жағдайлар әртүрлі бағаланып, жаза тағайындаудағы бірізділік пен болжамдылық деңгейі төмендейді. Бұл жеңілдететін институттың тиімділігі тек нормативтік реттеуге ғана емес, оны қолданудың әдістемелік және практикалық бірізділігіне де тәуелді екенін айқын көрсетеді.

Соттың жаза тағайындаудағы дискрециялық еркіндігі жаза индивидуализациясын қамтамасыз етуге мүмкіндік бергенімен, оның нақты шектері айқындалмаған жағдайда құқық қолдану тәжірибесінде болжамдылықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бірдей құқықтық жағдайларда әртүрлі шешімдердің қабылдануы соттардың жеңілдету және ауырлату мән-жайларын бағалауда бірыңғай әдістемеге сүйенбейтінін көрсетеді. [8]. Алайда зерттеу нәтижелері бұл еркіндіктің шектен тыс кең болуы құқықтық айқындық пен сот шешімдерінің болжамдылығын әлсіретуі мүмкін екенін көрсетті. Кейбір сот актілерінде жеңілдететін мән-жайлардың не себепті жазаға елеулі әсер еткені немесе, керісінше, нәліктен есепке алынбағаны жеткілікті деңгейде уәждемеленген. Мұндай кемшіліктер сот шешімдерінің негізділігіне күмән тудырып, жеңілдету институтының практикалық тиімділігін төмендететін факторлардың бірі ретінде көрініс табады.

Жазаны ауырлататын мән-жайларға қатысты зерттеу нәтижелері олардың негізгі мақсаты қылмыстық құқық бұзушылықтың жоғары қоғамдық қауіптілігін және кінәлінің қоғам үшін төндіретін қауіп деңгейін есепке алу екенін көрсетті. Ауырлататын мән-жайлар жаза қаталдығын арттыру арқылы қылмыстық жауаптылықтың бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жалпы және арнайы алдын алу функцияларын күшейтуге бағытталған. Сот практикасын талдау бұл мән-жайлардың көбіне қылмыстың қайталануы, ұйымдасқан түрде жасалуы, бірнеше адамның қатысуы немесе ауыр зардаптардың туындауы сияқты жағдайларда қолданылатынын көрсетті. Дегенмен, ауырлататын мән-жайларды қолдану барысында бірқатар құқықтық тәуекелдер де анықталды.

Талданған істердің 34%-ында кемінде бір ауырлататын мән-жай қолданылған. Оның ішінде 15% жағдайда қылмыс құрамының міндетті белгісі жаза тағайындау кезінде қосымша ауырлататын мән-жай ретінде қайта есепке алынғаны байқалды. Бұл қосарланған есепке алу тәуекелінің тәжірибеде нақты орын алатынын көрсетеді.

Санкция шегінде жаза тағайындау құрылымын талдау ауырлататын мән-жай қолданылған істердің 61%-ында жаза санкцияның жоғарғы жартысында белгіленгенін көрсетті. Дегенмен 18% істе ауырлататын мән-жай формалды түрде аталып, жаза мөлшеріне елеулі ықпал етпеген. Бұл соттардың бағалау тәсілдерінің бірізді еместігін және жаза қаталдығын анықтауда бірыңғай әдістемелік өлшемдердің жоқтығын айғақтайды.

Атап айтқанда, зерттеу ауырлататын мән-жайларды қолдану кезінде қосарланған есепке алу қаупінің бар екенін айқындады. Кейбір істерде қылмыстың ауырлататын белгісі қылмыс құрамының міндетті элементі ретінде ескеріліп, сонымен қатар жаза тағайындау кезінде ауырлататын мән-жай ретінде қайта есепке алынған. Мұндай тәсіл жаза қаталдығын негізсіз арттырып, жаза әділеттілігі мен пропорционалдық қағидаттарының бұзылуына алып келуі мүмкін. Жаза тағайындау процесінде кейбір мән-жайлардың автоматты түрде белгілі бір нәтижеге әкелуі жаза индивидуализациясының мазмұнын әлсіретеді. Судьялардың шешім қабылдауында құқықтық нормалармен қатар когнитивтік және институционалдық факторлардың да әсер етуі жаза қаталдығының пропорционалдылық қағидатына әрдайым сай болмауына ықпал етуі мүмкін. Бұл жаза тағайындауда формализмнің пайда болу қаупін күшейтеді [9]. Сонымен қатар, зерттеу ауырлататын мән-жайлардың кейбір сот актілерінде автоматты түрде жаза қаталдатуының факторы ретінде қабылданатынын көрсетті. Бұл автоматизм жаза тағайындаудың мазмұндық, бағалау сипатын әлсіретіп, жаза индивидуализациясын формалды деңгейге түсіреді. Жаза тағайындау

кезінде соттың бағалау қызметі тек құқықтық нормалармен шектелмей, ғылыми және фактілік деректерді де қамтуы мүмкін. Мұндай деректер кінәлінің әрекетін, оның жауаптылық деңгейін және жазаның мақсаттылығын бағалауға әсер етеді. Бұл жағдай жеңілдететін мән-жайларды есепке алу кезінде соттың уәждемелік қызметінің күрделілігін арттырып, жаза әділеттілігін қамтамасыз етудің қосымша өлшемдерін қалыптастырады [10].

Ауырлататын мән-жайларды қолдану адам құқықтары тұрғысынан да кешенді бағалауды талап етеді. Зерттеу нәтижелері жаза қаталдығының шамадан тыс артуы жазаның пропорционалдық қағидатын бұзу қаупін туындататынын көрсетті, әсіресе ауырлататын мән-жайлар сот тарапынан жеткілікті уәждемесіз қолданылған жағдайларда. Бұл қылмыстық құқықтағы жазалау мен ізгілендіру арасындағы құқықтық тепе-теңдікті сақтау қажеттігін және ауырлататын институтты қолдануда сақтық пен дәлелділік қағидаттарының маңыздылығын айқын көрсетеді. Сот тәжірибесін кешенді талдау ұқсас қылмыстық істер бойынша жаза тағайындауда елеулі айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Бұл айырмашылықтар ең алдымен жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды бағалаудағы әртүрлі тәсілдермен байланысты. Бірдей мән-жайлар кейбір соттарда жаза мөлшерін елеулі өзгертуге негіз болса, басқа жағдайларда тек формалды түрде аталып, нақты жазаға әсер етпеген. Сонымен қатар сот актілерін салыстырмалы талдау соттардың дәлелдеу логикасы әрқашан біркелкі құрылмағанын көрсетті: кейбір шешімдерде мән-жайлардың жазаға ықпалы нақты әрі жүйелі түрде түсіндірілсе, басқа істерде бұл байланыс жеткілікті деңгейде ашылмаған.

Жаза тағайындау кезінде кейбір жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың сот тарапынан ескерілмеуі немесе жеткіліксіз бағалануы жаза қаталдығының негізсіз артуына алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайларда жаза пропорционалдық пен әділеттілік қағидаттарына толық сәйкес келмей, сот шешімінің уәжділігіне күмән туындайды. Бұл мән-жайларды селективті немесе формалды қолдану жаза тағайындаудың сапасына тікелей әсер ететін фактор ретінде көрініс табады [11].

Зерттеу барысында жеңілдету және ауырлату институттарының формалды түрде қолданылу жағдайлары да анықталды. Мұндай формализм жаза тағайындаудың сапасын төмендетіп қана қоймай, сот әділдігіне деген қоғамдық сенімді әлсіретеді. Бұл аталған институттардың тиімділігі олардың формалды аталуына емес, мазмұндық тұрғыдан негізделуіне және уәждемелік бөлікте нақты көрініс табуына тікелей байланысты екенін көрсетеді. Алынған нәтижелер жазаны жеңілдету және ауырлату институттарын жетілдірудің бірнеше негізгі бағытын айқындауға мүмкіндік берді. Бірінші бағыт – заңнамалық нақтылау қажеттілігі, әсіресе мән-жайлардың жазаға ықпал ету механизмін айқындау тұрғысынан. Екінші бағыт – соттарға әдістемелік бағдар беру, бұл жаза тағайындау кезінде мән-жайларды бағалаудың бірізді және болжамды тәсілдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Үшінші бағыт – жаза индивидуализациясын нақты мазмұнмен толықтыру, яғни формализмнен бас тартып, істің нақты мән-жайларын терең әрі кешенді бағалауға көшу. Төртінші бағыт – қылмыстық саясаттағы теңгерімді қамтамасыз ету, онда жаза қаталдығы мен ізгілендіру арасындағы тепе-теңдік жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының дәлелді әрі тиімді қолданылуы арқылы сақталуы тиіс.

Жаза тағайындау процесіндегі дискреция деңгейін талдау соттардың бағалау қызметі нормативтік шектермен ғана емес, институционалдық тәжірибемен және кәсіби құқықтық мәдениетпен де айқындалатынын көрсетті. Бұл жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының тиімділігі тек заң мәтініне емес, сот уәждемесінің сапасына және бағалау стандарттарының бірізділігіне тәуелді екенін білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда аталған институттардың тиімділігі нормативтік емес, функционалдық категория ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының мазмұнын, құқықтық табиғатын және жаза тағайындау үдерісіндегі функционалдық рөлін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері аталған институттардың жаза индивидуализациясының іргелі тетігі ретінде қылмыстық саясаттың әділеттілік, пропорционалдық және ізгілендіру қағидаттарын іске асыруда шешуші

маңызға ие екенін көрсетті. Бұл институттардың тиімділігі тек Қылмыстық кодекстегі нормалардың болуымен емес, олардың құқық қолдану тәжірибесінде қаншалықты уәжді, жүйелі және мазмұндық тұрғыдан негізделіп қолданылуымен анықталатыны дәлелденді. Осыған байланысты зерттеу нәтижелері Қазақстандағы жаза тағайындау жүйесінің қазіргі ахуалын объективті бағалап қана қоймай, оның дамуындағы негізгі проблемалық аймақтарды ашып көрсетті.

Жеңілдететін мән-жайларды талдау олардың жаза әділеттілігін қамтамасыз етуде, кінәлінің жеке ерекшеліктерін, оның тұлғалық және әлеуметтік факторларын, қылмыстан кейінгі мінез-құлқын есепке алуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Алайда зерттеу барысында жеңілдететін мән-жайлардың ықпалы біркелкі емес екені, жаза мөлшерін азайту деңгейі әртүрлі соттарда түрліше бағаланатыны, ал кейбір жағдайларда бұл мән-жайлар тек символдық деңгейде көрсетіліп, нақты шешімге әсер етпейтіні анықталды. Мұндай формализм жаза индивидуализациясының құқықтық мазмұнын әлсіретіп, жаза әділеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған институттың тиімділігін төмендетеді. Бұл құбылыс зерттеу гипотезасын толық растай отырып, жеңілдететін мән-жайлардың шынайы ықпалын анықтау сот уәждемесінің сапасына және сот шешімінің логикалық құрылымына байланысты екенін айқын көрсетті.

Ауырлататын мән-жайлар бойынша жасалған талдау олардың қоғамға қауіпті қылмыстық мінез-құлқты бағалауда маңызды рөл атқаратынын растаса да, құқық қолдану тәжірибесінде айтарлықтай қиындықтардың бар екенін анықтады. Ең өзекті мәселенің бірі – қосарланған есепке алу тәуекелі, яғни қылмыс құрамының өзінде бар белгіні жаза тағайындау кезінде қайтадан ауырлататын мән-жай ретінде қолдану жағдайлары. Бұл жаза қаталдығын негізсіз арттыруға, пропорционалдық қағидатына қайшы келуге және сот шешімдерінің әділеттілігіне күмән тудыруға алып келеді. Сонымен қатар зерттеу ауырлататын мән-жайлардың кейбір соттарда автоматты түрде жаза қаталдататын фактор ретінде қабылданатынын көрсетті. Мұндай автоматизм жаза индивидуализациясының мазмұнын жоя отырып, соттың аналитикалық-құқықтық бағалау қызметінің деңгейін төмендетеді және сот әділдігінің сапасына әсер етеді.

Сот практикасын кешенді талдау жеңілдету және ауырлату мән-жайларын қолданудағы аймақтық, институционалдық және әдістемелік айырмашылықтарды анықтады.

Жүргізілген эмпирикалық зерттеу 120 сот актісін қамти отырып, ұқсас санаттағы қылмыстар бойынша жаза мөлшерінің 20–35% аралығында ауытқитынын көрсетті. Бұл ауытқулардың негізгі себебі жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды бағалаудағы әртүрлі тәсілдермен, сондай-ақ сот уәждемесінің құрылымдық айырмашылықтарымен байланысты екені анықталды. Алынған деректер зерттеу гипотезасын растай отырып, жаза тағайындаудағы тиімділік формалды факторлар санымен емес, олардың мазмұндық және дәлелді бағалануымен қамтамасыз етілетінін дәлелдейді.

Ұқсас мазмұндағы қылмыстық істер бойынша әртүрлі соттардың айтарлықтай алшақ жаза тағайындауы құқық қолдану тәжірибесінің жеткілікті түрде біріздендірілмегенін, ал уәждеме құрылымындағы айырмашылықтар жаза мөлшерінің тиісінше негізделмегенін көрсетті. Бұл жағдай жаза тағайындаудың болжамдылық деңгейін төмендетіп, құқықтық айқындық қағидатын әлсіретеді және азаматтардың сот билігіне деген сеніміне теріс әсер етеді. Сот тәжірибесіндегі мұндай әркелкілік аталған институттарды қолданудың бірыңғай әдістемесін әзірлеу қажеттігін нақты айқындайды.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы олардың заңнамалық және құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар қалыптастыруымен айқындалады. Ең алдымен, ҚР ҚК-нің 53 және 54-баптарындағы нормаларды нақтылау, қылмыс құрамының міндетті белгілерін ауырлататын мән-жай ретінде қайта есепке алуға заңнамалық тыйым енгізу, сондай-ақ соттардың жеңілдету мен ауырлатуды бағалау және уәждеме жөніндегі міндеттемелерін күшейту қажеттігі анықталды. Бұдан бөлек, жаза тағайындаудың бірыңғай әдістемелік стандарттарын әзірлеу, мән-жайлардың ықпал ету дәрежесін үш деңгейлі шкала бойынша бағалау және сот шешімдерінің уәждемелік бөлігіне қойылатын талаптарды заңнамалық тұрғыда белгілеу – сот практикасының сабақтастығын қамтамасыз ететін негізгі құралдар ретінде ұсынылды.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу жазаны жеңілдету және ауырлату институттарының құқықтық табиғатын терең ашып, олардың тиімді қолданылуына кедергі келтіретін фактор-

ларды анықтап қана қоймай, қылмыстық жаза тағайындау тетіктерін жетілдірудің ғылыми негізделген бағыттарын ұсынды. Алынған ғылыми нәтижелер қылмыстық заңнаманы жетілдіруде, сот практикасын біріздендіруде, құқық қолдану қызметінің сапасын арттыруда және болашақ зерттеулерге әдістемелік база қалыптастыруда кеңінен пайдалануға мүмкіндік беретінімен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 ж. 3 шілде, № 226 V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (өтініш берілген күн: 12.01.2026)
- 2 Кулбаева М.М. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть). – Караганда: ИП «LP-Zhasulan», 2021. – 272 с.
- 3 Нуртаев Р.Т. Актуальные проблемы соблюдения принципов уголовного права // Вестник Института законодательства РК. – 2017. – № 1(46). – С. 128–135.
- 4 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S> (өтініш берілген күн: 12.01.2026)
- 5 Бижанова А., Османова Г., Тұрлыханқызы Қ. Қылмыстық жаза, оның мақсаттары жайлы // Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы. – 2022. – Т. 139. – № 2. – Б. 88–99. DOI: 10.32523/2616-6844-2022-139-2-88-99
- 6 Uhl A., Mamak K. Are sentencing disparities unavoidable? Lessons from centralized judicial training // Journal of Criminal Justice. 2026. Vol. 102. P. 102582. DOI: 10.1016/j.jcrimjus.2025.102582.
- 7 Berryessa C.M., de Vel-Palumbo M., Caliman C.R., Baczuk M. Honesty as a “communicative tool” in sentencing: A study of judges in the U.S. and Australia // Journal of Criminal Justice. 2026. Vol. 102. P. 102575. DOI: 10.1016/j.jcrimjus.2025.102575.
- 8 Guilfoyle E., Pina-Sánchez J. Racially Determined Case Characteristics: Exploring Disparities in the Use of Sentencing Factors in England and Wales // The British Journal of Criminology. 2025. Vol. 65. Issue 2. P. 241–260. DOI:10.1093/bjc/azac039
- 9 Thomaidou M.A., Berryessa C.M. Bio-behavioral scientific evidence alters judges’ sentencing decision-making: A quantitative analysis // International Journal of Law and Psychiatry. 2024. Vol. 95. P. 102007. DOI: 10.1016/j.ijlp.2024.102007.
- 10 Alimardani A. An empirical study of the use of neuroscience in sentencing in New South Wales, Australia // Frontiers in Psychology. 2023. Vol. 14. DOI: 10.3389/fpsyg.2023.1228354
- 11 Smith D., Bjerregaard B., Krupa J.M., Cochran J.K., Fogel S.J. Exploring the effects on capital punishment sentencing of aggravating and mitigating factors that are not accepted // Journal of Criminal Justice. 2025. Vol. 96. P. 102342. DOI: 10.1016/j.jcrimjus.2024.102342.

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksı. 2014 j. 3 şilde, № 226 V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (ötiniş berilgen kün: 12.01.2026). (In Kazakh).
- 2 Kulbaeva M.M. (2021) Ugolovnoe pravo Respubliki Kazahstan (Obshhaja chast’). Karaganda: IP «LP-Zhasulan». 272 p. (In Russian).
- 3 Nurtaev R.T. (2017) Aktual’nye problemy sobljudenija principov ugolovnogo prava // Vestnik Instituta zakonodatel’sstva RK. No. 1(46). P. 128–135. (In Russian).
- 4 «Qylmystyq jaza tağaiyndaudyñ keibir mäseleleri turaly» Qazaqstan Respublikasy Joğarğy Sotynyñ 2015 jylğy 25 mausymdağy № 4 normativтік qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S> (ötiniş berilgen kün: 12.01.2026). (In Kazakh).
- 5 Bijanova A., Osmanova G., Tūrlyhanqyzy Q. (2022) Qylmystyq jaza, onyñ maqsattary jaily // L.N. Gumilev atyndağy Evrazia ũlttyq univesitetiniñ Habarşysy. Qūqyq seriasy. T. 139. No. 2. P. 88–99. DOI: 10.32523/2616-6844-2022-139-2-88-99 (In Kazakh).
- 6 Uhl A., Mamak K. (2026) Are sentencing disparities unavoidable? Lessons from centralized judicial training // Journal of Criminal Justice. Vol. 102. P. 102582. DOI: 10.1016/j.jcrimjus.2025.102582. (In English).
- 7 Berryessa C.M., de Vel-Palumbo M., Caliman C.R., Baczuk M. (2026) Honesty as a “communicative tool” in sentencing: A study of judges in the U.S. and Australia // Journal of Criminal Justice. Vol. 102. P. 102575. DOI: 10.1016/j.jcrimjus.2025.102575. (In English).

8 Guilfoyle E., Pina-Sánchez J. (2025) Racially Determined Case Characteristics: Exploring Disparities in the Use of Sentencing Factors in England and Wales // *The British Journal of Criminology*. Vol. 65. Issue 2. P. 241–260. DOI:10.1093/bjc/azae039 (In English).

9 Thomaidou M.A., Berryessa C.M. (2024) Bio-behavioral scientific evidence alters judges' sentencing decision-making: A quantitative analysis // *International Journal of Law and Psychiatry*. Vol. 95. P. 102007. DOI:10.1016/j.ijlp.2024.102007. (In English).

10 Alimardani A. (2023) An empirical study of the use of neuroscience in sentencing in New South Wales, Australia // *Frontiers in Psychology*. Vol. 14. DOI: 10.3389/fpsyg.2023.1228354 (In English).

11 Smith D., Bjerregaard B., Krupa J.M., Cochran J.K., Fogel S.J. (2025) Exploring the effects on capital punishment sentencing of aggravating and mitigating factors that are not accepted // *Journal of Criminal Justice*. Vol. 96. P. 102342. DOI: 10.1016/j.jcrimjus.2024.102342. (In English).

АБУТАЕВА С.Б.,*¹

магистр права, ст. преподаватель.

*e-mail: asb_8008@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-3989-9260

КИМ Э.П.,¹

к.ю.н., доцент.

e-mail: kkmep_1504@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3963-3334

БОЛАТБЕКОВА Л.А.,¹

м.ю.н., ст. преподаватель.

e-mail: loza-1721@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3417-1209

¹Южно-Казахстанский
университет им. М. Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИНСТИТУТОВ СМЯГЧЕНИЯ И ОТЯГЧЕНИЯ НАКАЗАНИЯ В УГОЛОВНОМ ПРАВЕ

Аннотация

Статья посвящена комплексному исследованию эффективности институтов смягчения и отягчения наказания в уголовном праве Республики Казахстан. Актуальность темы обусловлена неоднородностью судебной практики, расширением дискреционных полномочий судов и необходимостью обеспечения индивидуализации наказания. Цель исследования заключается в раскрытии уголовно-правовой природы институтов смягчения и отягчения наказания, оценке их влияния на процесс назначения наказания и анализе эффективности их применения в правоприменительной практике. Основная идея работы состоит в том, что эффективность указанных институтов должна определяться не формальным учетом обстоятельств, а их содержательной и мотивированной оценкой. Научная и практическая значимость исследования проявляется в систематизации подходов к индивидуализации наказания и формулировании рекомендаций по совершенствованию судебной практики. Методологическую основу исследования составляют формально-юридический, системный, сравнительно-правовой и статистический методы. В результате исследования установлено, что влияние смягчающих и отягчающих обстоятельств на размер и вид наказания носит неоднородный характер, а их формальное применение снижает реализацию принципа справедливости наказания. Ценность исследования заключается во вкладе в развитие теории назначения наказания, а практическая значимость – в возможности использования выводов для унификации судебной практики и обеспечения баланса уголовной политики.

Ключевые слова: уголовное право, назначение наказания, смягчающие обстоятельства, отягчающие обстоятельства, индивидуализация наказания, судебная практика.

ABUTAYEVA S.B.,*¹

master of law, senior lecturer.

*e-mail: asb_8008@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-3989-9260

KIM E.P.,¹

c.l.s., associate professor.

e-mail: kkmep_1504@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3963-3334

BOLATBEKOVA L.A.,¹

m.l.s., senior lecturer.

e-mail: loza-1721@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3417-1209

¹M. Auezov South Kazakhstan University,
Shymkent, Kazakhstan

EFFECTIVENESS OF MITIGATING AND AGGRAVATING FACTORS IN CRIMINAL LAW

Abstract

This article provides a comprehensive analysis of the effectiveness of mitigating and aggravating factors in the criminal law of the Republic of Kazakhstan. The relevance of the research is determined by inconsistencies in sentencing practice, the expansion of judicial discretion, and the growing need to ensure individualized sentencing. The purpose of the study is to examine the criminal-law nature of mitigating and aggravating factors, assess their impact on sentencing decisions, and evaluate their effectiveness in judicial practice. The core idea of the research is that the effectiveness of these institutions should be based not on their formal consideration but on a substantive and reasoned assessment. The scientific and practical significance of the study lies in its systematic approach to sentencing individualization and the development of recommendations aimed at improving judicial practice. The methodology of the research includes formal-legal, systemic, comparative legal, and statistical methods. The findings demonstrate that the influence of mitigating and aggravating factors on sentencing outcomes is inconsistent, while their formal application undermines the principle of fairness in criminal punishment. The value of the study consists in its contribution to the theory of sentencing, whereas its practical significance is reflected in the possibility of applying the results to unify judicial practice and maintain balance in criminal policy.

Keywords: criminal law, sentencing, mitigating factors, aggravating factors, individualization of punishment, judicial practice.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 14.01.2026